

Қоғамдық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы есеп

Есепті кезеңде Қоғамдық Кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) үш отырысы өтті. **Бірінші отырыс** 2024 жылғы 05 сәуірде өткізілді, онда 2023 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ қызметінің нәтижелері, сондай-ақ ҚРҰБ зейнетақы активтерін басқару туралы есеп қаралды. Сонымен қатар, Кеңес мүшелері "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасын іске асырудың алғашқы қорытындыларымен және оның жұмыс принциптерімен танысты.

Кеңестің **екінші отырысы** 2024 жылғы 14 маусымда өтті, онда Б.Б. Жәмішев еліміздегі зейнетақы жүйесін дамыту бойынша сараптамалық топ дайындаған ұсыныстарды алғаш рет жариялады. Сараптама тобының мүшелері: Марченко Г.А., Жандосов О.А., Дамитов Қ.Қ., Сайденов А.Ғ., Бахмутова Е.Л., Шайқакова Г.Ж. Отырыс қорытындысы бойынша сарапшылардың ұсыныстарын түсіндіретін бірнеше мақала жарияланды. Сараптама тобының ұсыныстары Үкіметке және Қазақстан Республикасының Президентіне жолданды.

Сонымен қатар, кеңес отырысында инвестициялық портфельді басқарушы компания өкілдері қатысушыларды зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижелері және перспективаларымен таныстырды.

2024 жылғы желтоқсанда кеңестің **үшінші отырысы** өтті, оның барысында Кеңес төрағасы мен оның орынбасары сайланды. Кеңес төрағасы болып бірауыздан қазақстандық заңгер Сейпульник Е. сайланды, төраға орынбасары болып белгілі журналист, "Forbes" журналының шолушысы Батищева Т. сайланды. Отырыста БЖЗҚ-ның 2024 жылғы 9 айдағы қызметі туралы есеп тыңдалды, онда "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасын іске асырудың бірінші жылының нәтижелеріне, зейнетақы жүйесінің жаңа компоненті – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) енгізуге, сондай-ақ төрт көзден – республикалық бюджет, өмірді сақтандыру компаниялары, жұмыс берушілердің қаражаты және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен құралған БЖЗҚ-дан қаржыландырылатын зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтіндерге арнаулы әлеуметтік төлем енгізуге баса назар аударылды. Кеңес мүшелері БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының негізгі көрсеткіштері, Қазақстанның зейнетақы жүйесін халықаралық рейтингте бағалау, Қордың зейнетақы активтерін басқару және басқа да өзекті тақырыптармен таныстырылды. Кеңес мүшелері Кеңестің мәртебесі және корпоративтік басқару шеңберінде БЖЗҚ, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл туралы мәселе көтерді. Осы тұрғыдан БЖЗҚ жанындағы ҚК туралы ережені қайта қарау ұсынылды.

2024 жылы Кеңестің жұмысы сырттай да белсенді жүргізілді, яғни зейнетақы жинақтау жүйесіндегі жаңашылдықтар бойынша түсініктемелер, сондай-ақ Кеңес мүшелерінің сұраныстары бойынша тұрақты негізде ақпарат ұсынылып отырды. Сонымен қатар, үлкен қоғамдық резонанс тудырған сарапшылардың ұсыныстарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді.